

ISSN 2616-6895

ВЕСТНИК
ЕВРАЗИЙСКОГО
НАЦИОНАЛЬНОГО
УНИВЕРСИТЕТА
ИМ. Л.Н. ГУМИЛЕВА

Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ
ХАБАРШЫСЫ

BULLETIN
of the
L.N. GUMILYOV
EURASIAN NATIONAL
UNIVERSITY

ПЕДАГОГИКА. ПСИХОЛОГИЯ. ӘЛЕУМЕТТАНУ сериясы

Серия ПЕДАГОГИКА. ПСИХОЛОГИЯ. СОЦИОЛОГИЯ

PEDAGOGY. PSYCHOLOGY. SOCIOLOGY Series

1(122)/2018

1995 жылдан бастап шығады

Издается с 1995 года

Founded in 1995

Жылына 4 рет шығады

Выходит 4 раза в год

Published 4 times a year

Астана, 2018

Astana, 2018

Бас редакторы
п.ғ.д., проф.
А.А. Молдажанова (Қазақстан)

Бас редактордың орынбасары (педагогика) **Г.Ж. Менлибекова**, п.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Бас редактордың орынбасары (психология) **А.Р. Ерментәева**, п.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Бас редактордың орынбасары (социология) **Н.О. Байғабылов**, PhD (Қазақстан)

Редакция алқасы

Иванова Г.П.	п.ғ.д. (Ресей)
Исламова З.М.	п.ғ.к., доцент (Ресей)
Кажғалиева А.	докторант (Қазақстан)
Калдыбаева О.В.	PhD (Қазақстан)
Колева И.	Докт. (Болгария)
Сейтқазы П.Б.	п.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Сунарчина М.М.	э.ғ.д., проф. (Ресей)
Толубекова Р.К.	п.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Уразбаева Г.Т.	п.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Хан Н.Н.	п.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Хаяти Тюфекчиоглу	э.ғ.д., проф. (Түркия)
Шайхисламов Р.Б.	э.ғ.д., проф. (Ресей)
Шалынбаева Қ.Қ.	п.ғ.д., проф. (Қазақстан)

Редакцияның мекенжайы: 010008, Қазақстан, Астана қ., Сәтпаев к-сі, 2, 408 б.
Тел.: (7172) 709-500 (ішкі 31432)
E-mail: vest_pedpsysoc@enu.kz

Жауапты хатшы, компьютерде беттеген
Д.С. Байтлесова

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің хабаршысы.
Педагогика. Психология. Әлеуметтану сериясы

Меншіктенуші: ҚР БжҒМ «Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті» ШЖҚ РМК
Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар министрлігімен тіркелген.
27.03.18 ж. № 17001-Ж -тіркеу куәлігі

Мерзімділігі: жылына 4 рет.

Тиражы: 55 дана

Типографияның мекенжайы: 010008, Қазақстан, Астана қ., Қажымұқан к-сі, 13/1, тел.: (7172) 709-500 (ішкі 31432)

© Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Главный редактор
д.п.н., проф.
А.А. Молдажанова (Казахстан)

Зам. главного редактора (педагогика)

Г.Ж. Менлибекова, д.п.н., проф.
(Казахстан)

Зам. главного редактора (психология)

А.Р. Ерментаева, д.п.н., проф. (Казахстан)

Зам. главного редактора (социология)

Н.О. Байгабылов, PhD (Казахстан)

Редакционная коллегия

Иванова Г.П.

д.п.н. (Россия)

Исламова З.М.

к.п.н., доцент (Россия)

Кажгалиева А.

докторант (Казахстан)

Калдыбаева О.В.

PhD (Казахстан)

Колева И.

Докт. (Болгария)

Сейтказы П.Б.

д.п.н., проф. (Казахстан)

Сунарчина М.М.

д.с.н., проф. (Россия)

Толеубекова Р.К.

д.п.н., проф. (Казахстан)

Уразбаева Г.Т.

д.п.н., проф. (Казахстан)

Хан Н.Н.

д.п.н., проф. (Казахстан)

Хаяти Тюфекчиоглу

д.с.н., проф. (Турция)

Шайхисламов Р.Б.

д.с.н., проф. (Россия)

Шалгынбаева К.К.

д.п.н., проф. (Казахстан)

Адрес редакции: 010008, Казахстан, г. Астана, ул. Сатпаева, 2, каб. 408

Тел.: (7172) 709-500 (вн. 31432)

E-mail: vest_pedpsysoc@enu.kz

Ответственный секретарь, компьютерная верстка

Д.С. Байтлесова

Вестник Евразийского национального университета имени Л.Н.Гумилева.

Серия: Педагогика. Психология. Социология.

Собственник: РГП на ПХВ «Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева» МОН РК

Зарегистрировано Министерством информации и коммуникаций Республики Казахстан. Регистрационный номер 17001-Ж от 27.03.18.

Периодичность: 4 раза в год

Тираж: 55 экземпляров

Адрес типографии: 010008, Казахстан, г. Астана, ул. Кажымукана, 13/1, тел.: (7172)709-500 (вн.31-432)

© Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева

Editor-in-Chief

Doctor of Pedagogical Sciences, Prof.

A.A. Moldazhanova (Kazakhstan)

Deputy Editor-in-Chief (pedagogy)

G.Zh.Menlibekova, Doctor of Pedagogical Sciences,
Prof. (Kazakhstan)

Deputy Editor-in-Chief (psychology)

A.R. Yermentayeva, Doctor of Psychological
Sciences, Prof. (Kazakhstan)

Deputy Editor-in-Chief (sociology)

N.O. Baigabylov, PhD in Sociology (Kazakhstan)

Editorial board

Hayati Tufekcioglu

Doctor of Sociology, Prof. (Turkey)

Islamova Z.M.

Can. of Pedagogical. Sciences,

Assoc.Prof (Russia)

Ivanova G.P.

Doctor of Pedagogical Sciences (Russia)

Kazhgaliyeva A.

Doctoral Candidate (Kazakhstan)

Kaldybayeva O.V.

PhD (Kazakhstan)

Khan N.N.

Doctor of Pedagogical Sciences, Prof.(Kazakhstan)

Koleva I.

Dr. (Bulgaria)

Seytkazy P.B.

Doctor of Pedagogical Sciences, Prof.(Kazakhstan)

Shaikhislamov R.B.

Doctor of Sociology, Prof. (Russia)

Shalgynbayeva K.K.

Doctor of Pedagogical Sciences, Prof.(Kazakhstan)

Sunarchina M.M.

Doctor of Sociology, Prof. (Russia)

Toleubekova R.K.

Doctor of Pedagogical Sciences, prof.(Kazakhstan)

Urazbayeva G.T.

Doctor of Pedagogical Sciences, prof. (Kazakhstan)

Editorial address: 2, Satpayev str., of.408, Astana, Kazakhstan, 010008

Tel.: (7172) 709-500 (ext. 31432)

E-mail: vest_pedpsysoc@enu.kz

Responsible secretary, computer layout:

D.S. Baytlessova

Bulletin of the L.N.Gumilyov Eurasian National University

Pedagogy.Psychology.SociologySeries

Owner: Republican State Enterprise in the capacity of economic conduct «L.N.Gumilyov Eurasian National University» Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan

Registered by the Ministry of Information and Communication of the Republic of Kazakhstan. Registration number 17001-Ж from 27.03.18

Periodicity: 4 times a year

Circulation: 55 copies

Address of printing house: 13/1 Kazhimukan str., Astana, Kazakhstan 010008; tel.: (7172) 709-500 (ext.31-432)

МАЗМҰНЫ

ПЕДАГОГИКА

Абибулаева А.Б., Ниязбекова А.М. Әлеуметтік педагогтарды кәсіби іс-әрекетке бейімдеу мәселелерінің замануи жағдайы.....	11
Абдулова Г. К., Криволапова М. О., Мещанова А. Г. Назарбаев Зияткерлік мектептері оқушыларының сабақтан тыс жобалық жұмысының мәселелері.....	18
Абильдина С.Қ., Копбалина К.Б. Бастауыш сынып оқушыларының зерттеушілік білігін қалыптастыру.....	28
Аканова Р.А., Умбетова Ж.С., Сыздыкова А.М. Студенттердің кәсіби дайындығын қалыптасуындағы оқыту тәжірибесінің рөлі.....	33
Амирова А.С., Агранович Е.Н. Тайм-менеджмент теориясының негізі болашақ педагогтардың оқу әрекетін ұйымдастырудың құралы ретінде.....	38
Аргингазинова Г.Б., Хусаинова Г.А. XIX ғасырдың екінші жартысында - XX ғасырдың басындағы Қазақстан діни мұсылман оқу орындарындағы музыкалық компоненттің сұрақтарын қарастыру.....	44
Байбек А.Қ. Құрманғазы атындағы Қазақ Ұлттық консерваториясындағы «Этносольфеджио» курсының құрылу тарихы.....	54
Байжуманова Н.С., Нурмаганбетова М.С., Готтинг В.В., Коржумбаева М.Б. Нәтижеге бағытталған педагогикалық мақсаттарды қою технологиясы.....	63
Байменова Б.С., Жубакова С.С. Инклюзивті білім берудің тарихи-педагогикалық негіздері.....	70
Бейсенбаева Б.А., Копжасарова У.И. Үш тілді білім беру жүйесінде тілдік емес мамандықтар бойынша мұғалімдерді лингвистикалық дайындаудың мәні мен мазмұны жайында.....	76
Ботабаева А.Е., ТойккоТ., Уйсимбаев Е.К. Финляндияның әлеуметтік жұмысындағы басым бағыттар.....	85
Галиев Т.Т., Ибраева К.Ж., Бекбаева Ж.С. Сыни ойлау: зерттеудің теориялық аспектілері.....	93
Гатауов Т.Т. Қазақстандығы хореографиялық білім берудің даму тенденциялары.....	98
Гауриева М., Мухашова А.Б. Шетел тілін оқыту процессінде аудиовизуалды материалдарды қолдану.....	103
Длиббетова Г.К., Абенова С.У. Экологиялық еріктілік студенттердің санасын жаңғырту тәсілі ретінде.....	110
Жұбакова С.С., Жусупова М.Ж. Университеттің білім беру ортасының жағдайында толеранттылық сезімін дамыту.....	116
Ибадуллаева С.Ж., Раманова Л.Б., Ауезова Н.С., Жусупова Л.А. Биология мамандығы бойынша білім алушылардың көптілді білім беру ортасына бейімделуі	122
Казимова Д.А., Омаров А.М., Көпбалина С.С., Рақымжан А.А. ЖОО-да студенттік орталықтандырылған оқытуды ұйымдастыру.....	128
Калкеева К.Р., Калимжанова Р.Л. Жаңашыл білім беру аясы шарттарындағы әлеуметтік педагогтың сөйлеу мәдениетінің және ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың даму синхрондылығы.....	136
Карманова Ж.А., Белгібаева Г.Қ., Кеңесбекова С.А. Педагогикалық ортада психологиялық комплекстердің пайда болуы.....	143
Касенов Х.Н. Болашақ педагогтарды этикалық-деонтологиялық дайындауда теориялық мәліметтер.....	149
Кендирбекова Ж.Х., Туякова А.Е. Колледждегі девиантты мінез-құлықты жасөспірімдермен әлеуметтік-педагогикалық жұмыс ерекшеліктері.....	155
Кожиков Ж.Ә., Көшкімбаев Қ.Т. Инженерлік графикадағы геометриялық абстракты ұғымдардың мәні мен мағынасын түсіну.....	160

Копжасарова У.И. , Мустафина А.С. CLIL технологиясы «Халықаралық құқық » мамандандығы студенттерінің шетелдік кәсіби коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру құралы ретінде.....	166
Кудышева А.А., Махадиева А.К. Аутизм: себептері мен шешу жолдары.....	178
Майгельдиева Ш.М. , Паридинова Б.Ж. Педагогика және психология ғылымдарының зерттеу әдістері: мәні, түсінігі және түрлері.....	183
Майлыбаева Г.С. Жаратылыстануды оқытуда бастауыш сынып оқушыларының танымдық қызығушылықтарын қалыптастыру.....	191
Мұқанова Қ.Қ., Алмағамбетова А. А. , Құрманова А.И. Тұлғалық дамуда педагогикалық қарым-қатынастың рөлі.....	196
Рахимжанова Л.Б., Хакимова Т.Х., Спабекова Ж.Х. Мектептегі робототехника элементтерін зерттеу қажеттілігі.....	203
Самуратова Т.К. Білім берудегі жаңа технологияларды қолданудың тиімділігі.....	208
Хан Н.Н., Жампеисова К.К., Колумбаева Ш.Ж. Болашақ маманның бәсекеге қабілеттілігі педагогикалық құбылыс ретінде.....	215
Шкутина Л.А., Мирза Н.В., Санхаева А.Н. Педагогтардың корпоративті құзыреттіліктерін дамыту түрлері мен әдістері	222

ПСИХОЛОГИЯ

Аубакирова Ж.Қ. Студенттік кезеңдегі қарым-қатынасқа психологиялық сипаттама.....	231
Аюпова Г.Т. Жоғары мектеп оқытушыларының кәсіби-тұлғалық типтік сипаттамалары.....	236
Ерментаева А.Р. Профессор Х.Т. Шеръязданованың отандық педагогикалық психологияның дамуына қосқан үлесі.....	242
Карибаева Г.М., Еркен Ә.Е. Студенттердің басқа мемлекеттің әлеуметтік-мәдени ортасына жылдам бейімделуінің алғышарттары.....	247
Каримбаева Б.Ш. «Мен өсіп келемін, бірақ маған кедергі келтіреді» проективті әдістемесін қолдану тәжірибесі.....	254
Қуатова А.С., Урузбаева Г.Т. Некеге әртүрлі деңгейде қанағаттанатын ерлі-зайыптылардың отбасылық өмір туралы әлеуметтік түсініктері.....	262
Салиева А.Ж., Юкутлина А.М. Болашақ педагогтарда когнитивті стильді қалыптастырудың педагогикалық шарттары.....	269

СОЦИОЛОГИЯ

Қурмангожина Г.О. Ақмола облысының тұрақты әлеуметтік-экономикалық даму механизмін бағалау және бағалау.....	276
Сембина Ж.Ж., Салықжанов Р.С. Этникалық стереотиптерді зерттеу ерекшеліктері.....	283
Смағамбет Б.Ж., Тлеспасева А.А. Тарихи-әлеуметтанулық зерттеуде «мәдени жарақат» теориясын қолдану мүмкіндігі.....	289
Б.Ж. Төребеков Қиын өмірлік жағдайлардағы отбасыларға біріктірілген әлеуметтік қызметтерді көрсетудегі ведомстволық өзара көмек.....	296

СОДЕРЖАНИЕ

ПЕДАГОГИКА

Абибулаева А.Б., Ниязбекова А.М. Современное состояние проблемы адаптации социальных педагогов к профессиональной деятельности.....	11
Абдулова Г.К., Криволапова М. О., Мещанова А. Г. Проблемы внеурочной проектной деятельности учащихся НИШ.....	18
Абильдина С.К., Копбалина К.Б. Формирование исследовательских навыков учащихся начальной школы.....	28
Аканова Р.А., Умбетова Ж.С., Сыздыкова А.М. Роль учебной практики в профессиональном становлении студентов.....	33
Амирова А.С., Агранович Е.Н. Теоретические основы тайм-менеджмента как средства организации учебной деятельности будущих педагогов.....	38
Аргингазинова Г.Б., Хусаинова Г.А. К вопросу о музыкальном компоненте обучения в конфессиональных мусульманских учебных заведениях Казахстана во второй половине XIX-начале XX века.....	44
Байбек А.Қ. История создания курса «Этносьольфеджио» для музыкантов народников в Казахской национальной консерватории имени Курмангазы.....	54
Байжуманова Н.С., Нурмаганбетова М.С., Готтинг В.В., Коржумбаева М.Б. Технология постановки педагогических целей, ориентированных на результат.....	63
Байменова Б.С., Жубакова С.С. Историко-педагогические основы инклюзивного образования.....	70
Бейсенбаева Б.А., Копжасарова У.И. О сущности языковой подготовки учителей неязыковых специальностей в условиях трехязычного образования.....	76
Ботабаева А.Е., Тойкко Т., Уйсимбаев Е.К. Приоритетные направления социальной работы в финляндии.....	85
Галиев Т.Т., Ибраева К.Ж., Бекбаева Ж.С. Критическое мышление: теоретические аспекты исследования.....	93
Гатауов Т.Т. Тенденции развития казахстанского хореографического образования	98
Гауриева М., Мухашова А.Б. Использование аудиовизуальных материалов в процессе обучения иностранному языку.....	103
Длиббетова Г.К., Абенова С.У. Экологиялық еріктілік студенттердің санасын жаңғырту тәсілі ретінде.....	110
Жубакова С.С., Жусупова М.Ж. Развитие толерантного сознания в условиях образовательной среды вуза.....	116
Ибадуллаева С.Ж., Раманова Л.Б., Ауезова Н.С., Жусупова Л.А. Адаптация обучающихся по специальности биология к полиязычной образовательной среде.....	122
Казимова Д.А., Омаров А.М., Көпбалина С.С., Рақымжан А.А. Организация студентоцентрированного обучения в вузе.....	128
Калкеева К.Р.¹, Калимжанова Р.Л.² Синхронность развития речевой культуры социального педагога и информационно-коммуникационных технологий в условиях ноосферного образования.....	136
Карманова Ж.А., Белгібаева Г.Қ., Кеңесбекова С.А. Проявление психологического комплекса в педагогической среде	143
Касенов Х.Н. Теоретические предпосылки этико-деонтологической подготовки будущих педагогов.....	149
Кендирбекова Ж.Х., Туякова А.Е. Особенности работы социального педагога с подростками девиантного поведения в колледже.....	155

9. Stefanenko T.G. Social'naja psihologija v kul'turno-istoricheskoy perspektive [Social psychology in the cultural and historical perspective] (Moscow, 2003).
10. Andreeva G.M. Social'naja psihologija [Social Psychology] (Aspekt Press, Moscow, 2003).
11. Petrenko V.F., Alieva A.A. Issledovanija jetnicheskikh stereotipov s ispol'zovaniem «mnozhestvennykh identifikacij» [Studies of ethnic stereotypes using "multiple identifications"], Psihologicheskij zhurnal [Psychological journal], 8(6), 21-35 (1987). [in Russian].
12. Levkovich V.P., Pankova N.G. Social'no-psihologicheskij podhod k strukture jetnicheskogo soznaniya [Socio-psychological approach to the structure of ethnic consciousness], Psihologicheskij zhurnal [Psychological journal], 4, 64-74 (1983). [in Russian].
13. Koeva G.U. Opyt jempiricheskogo issledovanija jetnicheskikh stereotipov [The experience of empirical research of ethnic stereotypes], Psihologicheskij zhurnal [Psychological journal], 7(2), 41-50 (1986). [in Russian].
14. Trusov V.P., Filippov A.S. Jetnicheskie stereotipy [Ethnic stereotypes]. Sbornik nauchnyh trudov [Collection of scientific papers]. Moscow, 2015. pp. 3-20.
15. Nalchadzhyan A. Etnopsikhologiya [Ethnopsychology] (Piter, Saint Petersburg, 2004).

Авторлар туралы мәлімет

Сембина Ж.Ж. – Докторант Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, «Социология» кафедрасы, Астана, Сауран көшесі 3/1, пәтер 106

Саликжанов Ринат Саттарович – Әлеуметтану ғылымдарының кандидаты, доцент, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, «Социология» кафедрасы, Астана, Абылайхан даңғылы 6/7, пәтер 22

Sembina Zhuldyz Zhangel'dyevna – Doctoral student L.N.Gumilyov Eurasian National University. Department "Sociology", Astana, Sauran str. 3/1, ap. 106

Salikzhanov R.S. – Candidate of Sociological Sciences, Associate Professor L.N. Gumilyov Eurasian National University. Department "Sociology", Astana, Abylaihan str. 6/7, ap. 22

МРНТИ 04.71.21

Б.Ж. Смағамбет¹, А.А. Тлеспәева²

¹Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан
(E-mail: ¹ya.bayan-2010@yandex.kz, ²almash88@yandex.ru)

Тарихи-әлеуметтанулық зерттеуде «мәдени жарақат» теориясын қолдану мүмкіндігі

Аннотация. Мақалада әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдарда «мәдени жарақат» концептісінің пайда болуы мен қалыптасуы, оның тарихи оқиғаларды зерделеуде қолданылуы сөз болады. П.Штомпканың «мәдени жарақат» теориясын ХХ ғасырдың 30-шы жылдарындағы Қазақстандағы тарихи оқиғалардың салдарынан болған әлеуметтік, экономикалық, рухани салалардағы өзгерістерге әлеуметтанулық талдауға қолдану мүмкіндіктері баяндалады.

Мақалада «Мәңгілік ел» идеясы аясында рухани жаңғыру үшін қажетті ұлттық кодты сақтаудың бір қыры көтеріледі. «Жарақат» ұғымының мазмұны кеңейіп, әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдарда trauma studies бағытындағы «мәдени жарақат» концептісінің қалыптасуы мен оны тарихи оқиғаларды зерттеуде қолдану мүмкіндігін қарастыра отырып, қазақстандық зерттеушілердің де «әлеуметтік жады» және «мәдени жарақат» тұжырымдарын қазақстандық болмысқа тән ерекшеліктерді сараптауда қолдану дерегі келтіріледі. Посткоммунистік қоғамдағы «мәдени жарақат» туралы П.Штомпка ұсынған теорияның қазақстандық қоғамның басынан өткен тарихи оқиғаларды, соның ішінде ХХ ғасырдың 30-шы жылдарындағы әлеуметтік, экономикалық, рухани өзгерістерге баға берудегі мүмкіндіктерінің өзектілігі баяндалады. Мақалада ХХ ғасырдың 30-шы жылдарындағы өзгерістер тарих ғылымында «трансформация», «модернизация» немесе «трагедия» ұғымдары аясында талданса, «мәдени жарақат» теориясы тарихи құбылыстарды әлеуметтанулық тұрғыдан тереңірек және кешенді пайымдауға мүмкіндік беретіні көрсетіледі.

Түйін сөздер. тарих әлеуметтануы, мәдениет, мәдени жарақат, әлеуметтік жады, рухани жаңғыру

Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында «XX ғасырдағы батыстық жаңғыру үлгісінің бүгінгі заманның болмысына сай келмеуінің сыры неде? Меніңше, басты кемшілігі – олардың өздеріне ғана тән қалыбы мен тәжірибесін басқа халықтар мен өркениеттердің ерекшеліктерін ескермей, бәріне жаппай еріксіз таңуында. Әжептәуір жаңғырған қоғамның өзінің тамыры тарихының тереңінен бастау алатын рухани коды болады. Жаңа тұрпатты жаңғырудың ең басты шарты – сол ұлттық кодынды сақтай білу. Онсыз жаңғыру дегеніңіздің құр жаңғырыққа айналуы оп-оңай... Егер жаңғыру елдің ұлттық-рухани тамырынан нәр ала алмаса, ол адасуға бастайды. Сонымен бірге, рухани жаңғыру ұлттық сананың түрлі поллюстерін қиыннан қиыстырып, жарастыра алатын күдіретімен маңызды. Бұл – тарлан тарихтың, жасампаз бүгінгі күн мен жарқын болашақтың көкжиектерін үйлесімді сабақтастыратын ұлт жадының тұғырнамасы», - дейді, яғни жаһанданған әлемде өзіңнің кім екенінді, түп-тамырыңның қайда жатқанын білу – ұлт ретінде сақталудың бірден бір жолы[1].

Экономикалық, әлеуметтік, мәдени байланыстардың интернационалдануы кезеңінде ұлттық идентификацияны сақтап қалу мәселесі аясында «әлеуметтік жадыны» зерттеу әлеуметтік-гуманитарлық бағыт (әлеуметтану, тарих, саясаттану, философия, психология, мәдени антропология мен филология) ғалымдарын біріктірді.

«Әлеуметтік жадыны» зерттеу бағыты 1980-ші жылдардан бастап Батыста қарқынды дамып, қоғамның азаматтық белсенді бөлігі мен ғылым әлемінде «memory boom» құбылысы орын алды. «Memory studies» атауымен белгілі жадыны зерттеу - ұлттың бірегейлігін сақтау және оны күшейту мәселелерімен айналысады және заманауи Қазақстанда іргесі енді ғана қаланып жатқан ғылыми бағыт. Сондықтан, «әлеуметтік жадыны» кешенді зерделеу мемлекеттік саясат пен әлеуметтік басқарудың маңызды факторына айналып отыр. Қазақстан өткен тарихты қайта саралау үшін ауқымды жұмыстар атқаруда: 1997 жыл «Қоғамдық келісім және саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу жылы», 1998 жыл «Халық бірлігі мен ұлттық тарих жылы», 2000 жыл «Мәдениетті қолдау жылы» болып жариялануы, 2004-2011 жылдар аралығында «Мәдени мұра» бағдарламасының жүзеге асырылуы, 2013 жылы «Халық – тарих толқынында» бағдарламасының қабылдануы. Осы іс-шараларды біріктіре отырып, тарихымыздың негізінде ұлттық идентификацияны қалыптастыруда Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласы – тәуелсіздік алғанымыздан бүгінгі күнге дейін осы бағытта жасалып келген іс-шараларға жаңа серпін бере отырып, «Мәңгілік ел» идеясын ары қарай жалғастырушы. Ал өткен тарихымызды сараламай рухани жаңғыру, яғни «Мәңгілік ел» құру мүмкін емес[2].

Өткен тарихты саралау – қазақ халқының әлеуметтік-экономикалық, мәдени дамуына ықпал еткен тарихи оқиғалар мен тарихи тұлғаларды зерттеп, насихаттау ғана емес, халықтың жадында «нәубет» ұғымымен сипатталатын «тарих ақтаңдақтарын» да зерделеуге ұмтылыс жасау және осы рефлексияның әлеуметтік жадыдағы репрезентациясын анықтау.

XX ғасырдың түбегейлі әлеуметтік өзгерістерге толы болғандығы тарихи оқиғалар мен оның салдарын ұғынуда қолданылатын «жарақат» ұғымының қолданыс аясын кеңейтті. «Жарақат» ұғымы гуманитарлық ғылымдар саласына медицинадан келді. XIX ғасырдың соңынан бастап «жарақат» ұғымын психологтар, психиатрлар және психоаналитиктер жүйкенің күйзелісіне қолданса, XX ғасырда «жарақат» пен «жарақатқа ұшыратқан тәжірибелер» әлеуметтанудың зерттеу объектісіне айналды.

«Мәдени жарақатты» ұжымдық санадағы ауытқушылық ретінде сипаттауда зерттеу объектісі Э.Дюркгейм ұсынған жеке тұлға іс-әрекетінің әлеуметтік аномиясы да [3], Р.Дарендорф ұсынған топаралық қарама-қайшылықтар да емес [4], ол – П.Штомпка ұсынған «мәдениет негізіндегі жара» [5, 458б.]. «Мәдени жарақат» теориясында ұжымдық сәйкестену, өзіндік рефлексия мен ұжымдық жадыда, яғни ұрпақ жадысында сақталу механизмдері мәселелері талқыға түседі. Қазіргі заманда идентификациялану мен өзіндік

рефлексияға баса назар аударылып, ұжымдық идентификацияның деформациясын талдау өзектілігін арттырды.

«Мәдени жарақат» теориясына сәйкес қандай да болмасын әлеуметтік қауымдастыққа тән сана сол қауымдастықтың басынан өткізген тарихи оқиғаларға қатысты өзіндік бағаны сақтаумен қатар, оған басқалар берген бағаны да қатар сақтайды. Сол оқиғаны басынан өткізген ұрпақтың келесі ұрпаққа берген мәліметіне ықпал ететін факторлар аясын зерттеу аса маңызды. «Мәдени жарақат» теориясы әлеуметтік жадыда оқиғаның, құбылыстың, ақпараттың сақталу тетіктеріне ықпал етуші осы факторлардың табиғатын ашуға көмектеседі.

Әлем тарихында этникалық, әлеуметтік топтардың құндылықтық жүйесін деформацияға ұшыратқан сыртқы факторлар ықпалының көп мысалын келтіруге болады. Жаулап алу, соғыс, саяси төңкерістер, көші-қон, техникалық инновациялар ұжымдық санада елеулі өзгерістерге алып келді. Ғалымдар бұл өзгерістерді «мәдени дағдарыс», «мәдени шок», «өркениеттердің құлдырауы» деп атады.

«Жарақат» ұғымын әлеуметтануда қолдану қаншалықты қажетті еді? Адамзат әрекетінің жаһандық деңгейі, саяси режимдерді салыстыру мүмкіндігі, мәдениеттер әртүрлілігін ұғыну, әлеуметтік-психологиялық қысымның артуы, өмір сүру бейнесінің саналуандығы, ұрпақтар арасында тұтыну талғамдарының дифференциациясы мәдени бірегейлену мәселесімен тығыз байланысты. Басқа мәдениеттер шоғырында өз мәдениетін ұғыну субъектінің өзінің идентификациясын анықтауға, өзіндік рефлексиясын дамытуға түрткілейді. Осындай жаңа әлеуметтік құбылыс нәтижесі тарихи оқиғаларға теріс баға бере отырып, «ұжымдық жарақат» деп сипатталуы мүмкін. Бұл ұғым ондаған, жүздеген жыл бұрын орын алған мәдени идентификация мен мәдениетті тасымалдаушыға қарсы агрессияны сипаттауға қолданыла алады.

«Мәдени жарақат» теориясының қалыптасуы ұлттық идентификациядағы ауытқуды талдаудан басталады. Зерттеуші А.Нейл америкалықтардың құндылықтар жүйесіндегі Ұлы депрессия, Вьетнам мен Корея, президент Дж.Кеннеди және кара нәсілділер көшбасшысы М.Л.Кингтің өлтірілуі сияқты бірнеше дағдарыстарға талдау жасаған [6]. Оның жолын Дж.Александр жалғастырып, еврейлер геноцидін соғыс тарихында орын алған «Холокост» атауына ие болған «мәдени жарақат» сипатындағы рефлексиялық дискурсқа айналғанын көрсетті [7]. Р.Айерман заманауи афро-америкалықтардың кара нәсілділерді қанаудан бастау алатын мәдени идентификациялану тарихы туралы жазады [8]. Ал, П.Штомпка «постсоциалистік шок» (немесе есеңгіреу) нәтижесінде Шығыс Еуропа халықтарының құндылықтар дағдарысына талдау жасады [5].

П.Штомпканың пікірінше, «мәдени жарақат» – социумның іргелі құндылықтарының «жат» құндылықтармен қақтығысы. Адамдардың оларға «жарақат келтірген оқиғалар» туралы өзара пікірталас тудырып, ортақ бір шешім қабылдауға ұмтылуы маңызды [5, 456б.]. Н.Смелзерге жүгінсек, мәдени жарақат – әлеуметтік-мәдени тұрғыда жарақат ретінде қабылданатын нәрсе [9, 12б.].

Мәдени жарақатты А.Нейл «ұжымдық жадыны реттейтін және қайта құрылымдайтын оқиға мен осы оқиға айналасында қалыптасатын танымдық-коммуникациялық орта» деп түсінеді [6, 5б.]. Р.Айерман «...дене немесе психикалық жарақат сияқты мәдени жарақатты талқылаумен байланысты дискурс – балама стратегиялар мен балама көзқарастарды қамтитын аралық процесс. Бұл процесс «әлеуметтік негіздегі жыртықты жамау» әдісі ретінде ұжымдық көзқарас арқылы ұжымдық идентификацияны қайта қалпына келтіруге немесе реконструкциялауға бағытталған», - деп жазады [10,4б.].

«Мәдени жарақат» парадигмасын отандық тарихта орын алған тарихи оқиғалар мен оның салдарын интерпретациялауда қолдану мүмкіндіктерін қарастыру маңызды.

Заманауи Қазақстанда «әлеуметтік жады» және «мәдени жарақат» концептілерін қазақ қоғамы болмысында қолданудың алғашқы қадамдарын К.А.Медеуова бастаған бір

топ ғалымдар жасады. «Практики и места памяти в Казахстане» [11] монографиясында зерттеушілер заманауи Қазақстан мәдениетіндегі жады тәжірибелері мен орындарын, олардың ұжымдық санадағы репрезентациясы қандай көрініс тауып отырғандығын, қаһармандық, жарақат, ұмыту, естен шығару, аңсаумен байланысты коммеморация түрлерін зерттеген. Тарихи оқиғаларды қайта зерделеуде П.Штомпка ұсынған «мәдени жарақат» теориясы икемдірек. Ғалымның пікірінше, «мәдени жарақат – мәдени негізге лайықталған және мәдениет жарақат ретінде интерпретацияланатын жара» [12,11б.].

Жарақат объективті де, субъективті де, себебі ол бір уақытта оқиға және осы оқиғаны интерпретациялау нәтижесі [12,9б.]. Мәдени сәйкессіздік пен үйлеспеушілік, шиеленіс пен қақтығыстар шешілуі тиіс өзекті мәселе ретінде қабылданып, қоғам қайта ұғына бастағанда ғана жарақат пайда болады [12,13б.].

П.Штомпка мәдени жарақаттың бірнеше кезеңге бөлінетін динамикалық процесс екендігі туралы қорытындыға келеді. Ғалымның көзқарасына сәйкес, мәдени жарақаттың кезеңдері: құрылымдық және мәдени өткен шақ – жарақаттың пайда болуына ыңғайлы орта, жарақатты оқиғалар немесе жағдайлар, мұраға қалған мәдени ресурстар қоры негізінде жарақатты жағдайларды анықтау, интерпретациялау немесе талқылаудың ерекше әдістері; жарақат белгілері, яғни іс-әрекет пен қозғалыстардың белгілі бір жобасы (жалпы қабылданған әрекет үлгілері мен пікірлер; жарақаттан кейінгі бейімделу, жарақаттан жазылу) [12, 8б.].

Жарақат – ұжымдық құбылыс, мәдени жарақат ретінде ұғынылатын «келеңсіз» оқиғалар нәтижесінде топ, қауым немесе қоғам басынан өткізетін нәубет. Жарақат жеке тұлғаға келтірілген зақым емес, ұжымға ықпал ететін құбылыс. Қоғам биологиялық-демографиялық (эпидемия, аштық, өлімнің бірден көбеюі, туудың төмендеуі), әлеуметтік-саяси (анархия, нарықтың құлдырауы, революция) немесе мәдени (қоғам іргесін қалыптастырушы құндылықтар мен әрекет үлгілерінің құлдырауы) жарақатқа ұшырауы мүмкін. П.Штомпканың айтуынша, жарақаттардың ішінде «ең мықты инерцияға» ие аса қауіптісі – мәдени жарақат [12, 10б.].

Қазіргі уақытта мәдени жарақаттың қоғамға ықпалын зерттеу *trauma studies* бағытында жүзеге асып жатыр. Мұндай зерттеулер пәнаралық сипатқа ие болып, әлеуметтану, мәдениеттану, тарих, психология және әдебиет теориясы ғылымдарының ұштасуы негізінде жүргізілуде. Ғалымдардың пікірінше, «мәдени жарақат» концептісін қолдана отырып, ғылымда бұрын саналуан себептермен (әсіресе, саяси конъюктура тұрғысынан) талданбаған қоғамда жағымсыз немесе дисфункциялық нәтижелерге алып келген оқиғаларды түсіндіруге болады.

XX ғасырдың 30-шы жылдары қазақ қоғамындағы саяси, экономикалық, әлеуметтік-мәдени, демографиялық өзгерістер заманауи Қазақстанның тарих ғылымы кеңістігінде егжей-тегжейлі зерттеліп жатыр. М.Х.Асылбеков, Ж.Б.Әбілхожин, М.К.Қойгелдиев, М.К.Қозыбаев, Н.Е.Масанов, К.Н. Нұрпейісов, С.Т.Рысбекова және т.б. тарихшы-ғалымдар дәстүрлі қазақ қоғамында орын алған тарихи құбылыстарды «трансформация», «модернизация» немесе «трагедия» ұғымдары аясында түсіндіреді [13]. Алайда, қоғамдық сұраныс, рухани жаңғыру бұл мәселеге кешенді әлеуметтанулық талдау жасалуын талап етіп отыр.

«Жарақат» парадигмасын тарихи зерттеулерге қолдану тиімді, себебі тарихи оқиға П.Штомпка ұсынған бірнеше жарақаттың үйлесімділігімен сипаттала алады. XX ғасырдың 30-шы жылдары қазақ қоғамының басынан өткен тарихи оқиғаларды әлеуметтік-саяси, биологиялық-демографиялық және мәдени жарақаттар қатар жүргенін байқау қиын емес.

Әлеуметтік қауымдастықтың басынан өткізген «жарақатты сәттері» заманауи теорияларға сәйкес жадыдан тыс жерге «ығыстырылады» да латентті кезең орын алады. Кеңес Одағының тарихында XX ғасырдың 30-шы жылдарындағы қоғам өміріндегі оқиғалардың біразы

туралы мәліметтердің ғылыми аянда талқыланбауы олардың тарихтың «ақтаңдақтарына» айналуына алып келді. Алайда, заманауи әлеуметтанулық ғылым бүгінгі ұрпақтың қоғамдық жадындағы ахуал аға ұрпақтың басынан кешірген «жарақатты жағдайының» салдары және тікелей сол жарақатпен байланысты екендігі мәселесінің ақиқаттығына назар аударып отыр. Тарихтағы жарақатты оқиғаларды зерттеу - «ұзақ жылдар бойы ұмытуға талпынған» [14] еліміздің тарихы үшін өте өзекті, себебі, жадыдан тыс кеңістікте қалып қойған оқиғалар баршылық. Нәтижесінде апатты тарихи оқиғалар қоғамдық санаға интеграцияланбастан, жан-жақты сараланбаған ұжымдық жарақат сипатында қалды. XX ғасырдың 20-40 жылдары жүргізілген КСРО саясатын заңдастыру үшін тарихтың тек ұтымды жағын көрсетуді Л.Гудков «ресми жадының «соқыр парағы» деп анықтайды [15]. Әрине, жарақат орын алған XX ғасырдың 30-шы жылдарындағы оқиғаларды жадыдан шығаруда ұжымдастыру, мәдениеткеріс идеологиясының рөлі ерекше еді. Ресми идеология жеке мәселелерге назар аудартады, яғни «жарақат» талқыға түспеді де жабық мәселе деңгейінде қалды.

Сыртқы (билік етуші) күштердің идентификацияны өзгертуін оқиға қатысушылары не айта алмайды (репрессияға ұшыраудан қорқу), не айтқысы келмейтін (өзгерістерді толық қабылдау арқылы) жағдай қалыптасты. Егер құндылықтық агрессия қоғамда ашық талқыланбаса, онда оның мәні мен бейімделу жолдары туралы да айтылмайды. Дегенмен, жарақатқа себепкер оқиға жадыда жасырын қалыпта, жеке өмір тәжірибелерінде (отбасы басынан өткен оқиғаны еске салатын тұрмыс заттары, жеке фотоальбомдар мен естеліктер/ күнделіктер, ата-анасы/аға ұрпақ баяндап берген оқиғалар, оқиғаларға қарсылықты білдіретін шығармалардың (өлең, әңгіме және т.б.) жақындар арасында ұсынылуы) сақталып қалады. Кейіннен жадыда сақталған жеке тәжірибелер қоғамда орын алған өзгерістердің символдары ретінде пікірталас нысанына айналуы мүмкін, яғни дискурстың «құрылыс материалына» айналады. Ал бірегейленудің құлдырағаны, оны қайта ұғынбай және нәтижелерін анықтамай, мәдени жарақат туралы да айта алмаймыз [16].

Әдебиеттер тізімі

- 1 Назарбаев Н.Ә. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру». URL:<http://www.akorda.kz> (02.02.2018)
- 2 Қазақстан жолы – 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ. Қазақстан Республикасының президенті Н.Ә. Назарбаевтың 2014 жылдың 17 қаңтарындағы халыққа жолдауы. URL: <http://www.akorda.kz> (02.02.2018)
- 3 Дюркгейм Э. Самоубийство: Социологический этюд / Пер, с фр. с сокр.; Под ред. В. А. Базарова. – М.: Мысль, 1994. – 399 с.
- 4 Дарендорф Р. Элементы теории социального конфликта // Социологические исследования. – 1994. – № 5. – С. 142–147.
- 5 Sztompka P. Cultural Trauma. The Other Face of Social Change // European J. of Social Theory, 2000. 3(4), p. 449 - 466.
- 6 Neal A. G. National Trauma and Collective Memory. Armonk, 1998.
- 7 Alexander J. On the Social Construction of Moral Universals. The «Holocaust» from War Crime to Trauma Drama / European J. of Social Theory, 2002, 5(1), pp. 5 - 85.
- 8 Eyerman R. Cultural Trauma. Slavery and Formation of African American Identity. Cambridge. 2001.
- Smelser N. J. Psychological Trauma and Cultural Trauma. Manuscript.
- 9 Айерман Р. Культурная травма и коллективная память // пер. с англ. Поселягин Н. // НЛО. Независимый филологический журнал. 2016. № 5. <http://magazines.russ.ru/nlo/2016/5> (27.10.2017)
- 10 Медеуова К.А. Практики и места памяти в Казахстане: Монография / Медеуова К.А., Сандыбаева 11 У.М., Наурызбаева З.Ж., Толгамбаева Д.Т., Ермагамбетова К.С., Мельников Д.Н., Кикимбаев М.Ж., Рамазанова А.Ч., Тлепберген А.Б., Жетибаев Е.Ж., Оразбаева Д.Е., Полтавец К.А. – Астана: ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, 2017. – 318с.
- 12 Штомпка П. Социальное изменение как травма (статья первая) // Социологические исследования. 2001. № 1. С. 6-16.

13. Асылбеков М.Х. Қазақстан тарих демографиясының даму белестері. Алматы, 2002; Абылхожин Ж.Б. Традиционная структура Казахстана: социально-экономические аспекты функционирования и трансформации (1920-е годы). — Алматы, 1991. — 240 с.; Койгелдиев М.К. Сталинизм и репрессии в Казахстане 1920–1940-х гг. Алматы, 2009. 448 с.; Козыбаев М.К. Коллективизация в Казахстане - трагедия крестьянства. Алма-Ата.-1992. — 35 с.; Масанов Н.Е. Кочевая цивилизация казахов. М. — Алматы: Горизонт; Социнвест, 1995. — 320 с.; Нурпеисов К.Н. История крестьянства советского Казахстана. Алматы, 1985 г. — 247 с.; Рысбекова С.Т. Советский опыт социальной модернизации традиционного общества: уроки и историческое значение (1920-1936 гг.). Автореферат диссертации на соискание ученой степени доктора исторических наук. 2010 г.
14. Шевенова С.И., Гучинова Э.-Б.М. Память в наследство. Депортация калмыков в школьных сочинениях. — СПб.: Алетейя, 2005.
15. Гудков Л. Негативная идентичность. Статьи 1997-2002 годов. М.: Новое литературное обозрение; ВЦИОМ-А, 2004. — 816 с.
16. Аарелайд-Тарт А. Теория культурной травмы (опыт Эстонии) // Социологические исследования. 2004. № 10. С. 63-72.

Б.Ж. Смағамбет, А.А. Тлеспәева

Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан

Возможности применения теории «культурной травмы» в историко-социологических исследованиях

Аннотация. В статье рассматривается генезис и формирование концепта «культурная травма», а также применение его при анализе исторических событий. Излагаются возможности применения концепции «культурная травма» П.Штомпки для социологического анализа трансформаций в социальной, экономической, духовной сферах вследствие исторических событий 30-х годов XX века Казахстана.

В контексте идеи «Мәңгілік ел» в статье указывается на первостепенность сохранения национального кода в духовном возрождении. Рассматривая концептуализацию понятия «травма», формирования концепта «культурная травма» в направлении trauma studies в социально-гуманитарных науках актуализируется возможности его применения в исследованиях исторических событий, а также приводится факт попытки применения казахстанскими исследователями концептов «социальная память» и «культурная травма» при анализе казахстанской реальности.

Обосновывается актуальность применения теории «культурная травма» П.Штомпки для анализа посткоммунистического общества, а также в изучении социальных, экономических, духовных изменений в результате исторических событий 30-х годов XX века.

В статье указывается, что события 30-х годов XX века в исторической науке в основном интерпретируются понятиями «трансформация», «модернизация» или «трагедия», а теория «культурная травма» дает возможность проанализировать с социологической точки зрения исторические события более глубоко и комплексно.

Ключевые слова. историческая социология, культура, культурная травма, социальная память, рухани жаңғыру.

B. Zh.Smagambet¹, A.A.Tlespayeva²

¹²L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

The possibilities of applying the theory of “cultural trauma” in historical and sociological research

Abstract. The article deals with the genesis and formation of the concept of “cultural trauma”, also its application in the analysis of historical events. The possibilities of applying the concept of “cultural trauma” of Piotr Sztompka for the sociological analysis of transformations in the social, economic, spiritual spheres owing to the historical events of the 30th years of the XX century of Kazakhstan.

In the context of the idea of “Mogilik El”, the article points to the primacy of preserving the national

code in the spiritual revival. Considering conceptualization of the concept of “trauma”, formation of the concept of “cultural trauma” in the direction of trauma studies in the social and humanitarian sciences, the possibility of its application in research of historical events and also the fact of application by the Kazakhstan researchers of concepts “social memory” and “cultural trauma” is given in the analysis of the Kazakhstan reality.

The relevance of applying application of the theory “cultural trauma” of Piotr Sztompka for the analysis of postcommunist society, as well as in studying social, economic, spiritual changes as a result of the historical events of the 30th years of the XX century.

The article points out that the events of the 30th years of the XX century in the historical science are generally interpreted by the concepts of “transformation”, “modernization” or “tragedy”, and the theory of “cultural trauma” gives it possible to analyse from the sociological point of view historical events more deeply and in a complex.

Key words. historical sociology, culture, cultural trauma, social memory, rukhani zhangyru

References

1. Nazarbaev N.A. «Bolashakka bagdar: ruhani zhangyru» [N.A. Nazarbayev. Course towards the future: modernization of Kazakhstan’s identity]. URL:<http://www.akorda.kz> (accessed 02.02.2018) [in Kazakh]
2. Kazakstan zholy – 2050: bir maksat, bir mudde, bir bolashak. Kazakstan Respublikasynyn prezidenti N.A. Nazarbaevtyn 2014 zhyldyn 17 kantaryndagy halykka zholdauly [Kazakhstan’s way – 2050: common aim, common interests, common future. Address of the President of the Republic of Kazakhstan N.Nazarbayev to the nation. January 17, 2014]. URL: <http://www.akorda.kz> (accessed 02.02.2018) [in Kazakh]
3. Djurkgejm Je. Samoubijstvo: Sociologicheskij jetjud [Emile Durkheim. Suicide : a study in sociology] (Mysl, Moscow, 1994). [in Russian]
4. Darendorf R. Jelementy teorii social’nogo konflikta // Sociologicheskie issledovanija. – 1994. – № 5. – S. 142–147. [Ralf Dahrendorf. Toward a Theory of Social Conflict] Sociological research, 5, 142-147, (1995). [in Russian]
5. Sztompka P. Cultural Trauma. The Other Face of Social Change // European J. of Social Theory, 2000. 3(4), p. 449 - 466.
6. Neal A. G. National Trauma and Collective Memory. Armonk, 1998.
7. Alexander J. On the Social Construction of Moral Universals. The “Holocaust” from War Crime to Trauma Drama / European J. of Social Theory, 2002, 5(1), pp. 5 - 85.
8. Eyerman R. Cultural Trauma. Slavery and Formation of African American Identity. Cambridge. 2001.
9. Smelser N. J. Psychological Trauma and Cultural Trauma. Manuscript.
10. Ajerman R. Kul’turnaja travma i kollektivnaja pamjat’ [Ron Eyerman. Cultural trauma and collective memory], NLO. Nezavisimyj filologicheskij zhurnal [NLO. Independent Philological Journal]. 5 (2016), <http://magazines.russ.ru/nlo/2016/5> (accessed 27.10.2017) [in Russian]
11. Medeuova K.A. Praktiki i mesta pamjati v Kazahstane: Monografija / Medeuova K.A., Sandybaeva U.M., Nauryzbaeva Z.Zh., Tolgambaeva D.T., Ermagambetova K.S., Mel’nikov D.N., Kikimbaev M.Zh., Ramazonova A.Ch., Tlepbergen A.B., Zhetibaev E.Zh., Orazbaeva D.E., Poltavec K.A. – Astana.: ENU im. L.N. Gumileva, 2017. – 318s. [K. Medeuova. Practices and places of memory in Kazakhstan] (L.N.Gumilyov Eurasian National University, Astana, 2017). [in Russian]
12. Shtompka P. Social’noe izmenenie kak travma (stat’ja pervaja) // Sociologicheskie issledovanija. 2001. № 1. S. 6-16. [Piotr Sztompka. Social change as trauma (part one)] Sociological research, 1, 6-16, (2001). [in Russian]
13. Asylbekov M.H. Kazakstan tarih demografijasynyn damu belesteri [Prospects for the development of historical demography of Kazakhstan] (Almaty, 2002); Abilhozhin Zh.B. Tradicionnaja struktura Kazahstana: social’no-jekonomicheskie aspekty funkcionirovanija i transformacii (1920-e gody) [Traditional structure of Kazakhstan: socio-economic aspects of functioning and transformation (1920s)] (Almaty, 1991); Kojgeldiev M.K. Stalinizm i repressii v Kazahstane 1920–1940-h gg. [Stalinism and

repression in Kazakhstan in 1920-1940] (Almaty, 2009); Kozybaev M.K. Kollektivizacija v Kazahstane - tragedija krest'janstva [Collectivization in Kazakhstan is a tragedy of the peasantry] (Alma-Ata, 1992); Masanov N.E. Kochevaja civilizacija kazahov [Nomadic civilization of Kazakhs] (Almaty, 1995); Nurpejiso K.N. Istorija krest'janstva sovetskogo Kazahstana [History of the peasantry of Soviet Kazakhstan] (Almaty, 1985); Rysbekova S.T. Sovetskij opyt social'noj modernizacii tradicionnogo obshhestva: uroki i istoricheskoe znachenie (1920-1936 gg.). PhD diss. [Soviet experience of social modernization of traditional society: lessons and historical significance (1920-1936)]. Almaty, 2010.

14. Shevenova S.I., Guchinova Je.-B.M. Pamjat' v nasledstvo. Deportacija kalmykov v shkol'nyh sochinenijah [Memory in the inheritance. The deportation of Kalmyks in school essays] (Alethea, St. Petersburg, 2005). [in Russian]

15. Gudkov L. Negativnaja identichnost'. Stat'i 1997-2002 godov [Negative identity. Articles of 1997-2002] (Novoe literaturnoe obozrenie; VCIOM-A Moscow, 2004). [in Russian]

16. Aarelajd-Tart A. Teorija kul'turnoj travmy (opyt Jestonii) // Sociologicheskie issledovanija. 2004. № 10. С. 63-72. [Aarelaid-Tart, A. The theory of cultural trauma (the experience of Estonia)] Sociological research, 10, 63-72, (2004). [in Russian]

Авторлар туралы мәлімет:

Смағамбет Б.Ж. – әлеуметтану ғылымдарының кандидаты, доцент, Әлеуметтану кафедрасының профессоры м.а., Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Сәтпаев көш. 2, Астана, Қазақстан.

Тлеспаева А.А. – әлеуметтану кафедрасының докторанты, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Сәтпаев көш. 2, Астана, Қазақстан.

Smagambet B.Zh. – candidate of sociological sciences, Associate Professor, Professor of the Department of Sociology, L.N.Gumilyov Eurasian National University, Satpayev str., Astana, Kazakhstan.

Tlespayeva A.A.. – PhD student of the Department of Sociology, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Satpayev str., Astana, Kazakhstan.

МРНТИ 04.21.81

Б.Ж. Туребеков

Академия государственного управления при Президенте Республики Казахстан, Астана, Казахстан

Межведомственное взаимодействие при оказании интегрированных услуг семьям, находящимся в трудной жизненной ситуации

В статье рассматривается актуальность и необходимость межведомственного взаимодействия при оказании специальных социальных услуг семьям, находящимся в трудной жизненной ситуации. Благодаря налаженному взаимодействию между государством и обществом, лицам, находящимся в трудной жизненной ситуации, обеспечивается качественное предоставление специальных социальных услуг (ССУ) и меры по повышению их качества жизни. В связи с этим, последние годы в Казахстане идет реализация проекта «Модель интегрированных специальных социальных услуг – клиентоориентированный подход». В статье описаны основания для запуска данного проекта и определение интегрированной модели оказания специальных социальных услуг.

Ключевые слова. Семья, социальные услуги, межведомственное взаимодействие, социальная сеть, специальные социальные услуги (ССУ), интегрированная модель, трудная жизненная ситуация, служба сопровождения семьи.

В последние десятилетия многие современные общества подвергаются интенсивным системным переменам. Основным содержанием социальных изменений является преобразование институциональной структуры.

Одним из фундаментальных и наиболее устойчивых в человеческой истории институтов общества, как известно, является семья. То, что семья в современном обществе претерпевает существенные изменения не вызывает сомнений не только у специалистов, но и у самой широкой общественности.